



Алакөл

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№12 (8098) 22. 03. 2024.
Жұма / Пятница

Аудан әкімі А.Абдиновтың Наурыз мерекесімен ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті алакөлдіктер!

Баршаңызды жаңару мен жаңғырудың, береке мен бірліктің бастауына айналған Ұлыстың Ұлы күні – Өз-Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Өз-Наурыз – жаңашылдық пен жасампаз рухтың жаршысы. Ұлыстың ұлы күні біз үшін қашан да ата-бабаларымыздың ұлағаты мен даңқын дәріптеген дәстүр ретінде қымбат. Жер бетінің қайта түлеп, табиғаттың аралы шуағын шаша келетін шағы – адам баласына ерекше серпіліс беріп, рухани тазаруына ықпал етеді. Сондықтан ата-бабамыз ежелден шуақты көктем мерекесіне айрықша мән берген, оны Ұлыстың ұлы күні деп ұлықтаған.

Ұлыстың ұлы күні – тәуелсіз қазақ елі үшін де жаңа жылдың символы, еңсесі биік елдіктің, іргесі сәгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі. Бұл күнде ұрпақтар сабақтастығы, достық қарым-қатынастар мен қонақжайлық салты дәріптеледі. Сондай-ақ, тереңнен тамыр тартатын құндылықтарымыз, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрі ерекше салтанат құрады.

Наурыз – бірлік, бауырластық пен ынтымақ тұнған құтты мейрам. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, төл мерекемізді тойлаудың жаңа дәстүрін қалыптастыру, оның мазмұнын идеологиялық мәнмен байыту, ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызды насихаттау мақсатында «Наурызнама» онкүндігі тойланып жатыр. Бүгінде бұл мейрам біздің жаңарған қоғамымызбен үйлесім тауып, Отанымыздағы достық пен келісімді нығайтуда маңызды рөлге ие болып отыр.

Қадірлі жерлестер!

Жаңару мен жасампаздықтың бастауы болған, адамгершілік пен татулықты паш ететін Өз-Наурыз мерекесі шаңырақтарыңызға шаттық пен бақыт, еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін.

Еліміздің мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын қасиетті Наурыз мерекесінде еліміздегі тұрақтылық тұғыры бекемделіп, бақ-берекеміз бен ырыс-несібеміз арта берсін!

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын, ағайын!

ПОЗДРАВЛЕНИЕ акима района А. Абдинова с праздником Наурыз

Уважаемые алакольцы!

От чистого сердца поздравляю всех с праздником Наурыз – великим днем улуса, ставшим началом обновления и благоденствия, благополучия и единства!

Наурыз - предвестник новизны и созидательного духа. Великий день улуса для нас всегда дорог как традиция, прославляющая славу и подвиги наших предков. Восходящий к прошлому и древним временам, этот праздник описывает момент обновления и начала новой жизни. Поэтому наши предки издавна придавали особое значение солнечному весеннему празднику, называя его великим днем улуса.

Великий день улуса - символ Нового года для независимой казахской страны, праздник высочайшего единства, труда и благополучия. В этот день прославляется преемственность поколений, дружеские отношения и гостеприимство. Кроме того, особо ценятся наши глубоко укоренившиеся ценности, уважение к старшим, умение проявлять уважение к младшим.

Наурыз - это праздник единства, братства и солидарности. В соответствии с поручением Главы государства К.Токаева в целях формирования новой традиции празднования нашего родного праздника, обогащения его содержания идеологическим смыслом, пропаганды национальных традиций и обычаев отмечается декада «Наурызнама». Сегодня этот праздник играет важную роль в укреплении дружбы и согласия на родине, в гармонии с нашим обновленным обществом.

Дорогие земляки!

Пусть праздник – Наурыз, ставший началом обновления и созидания, олицетворяющий нравственность и мир, принесет радость и счастье вашему шаңырақу, много успехов в вашем труде.

Пусть в праздник священного Наурыза, который празднует наша страна и олицетворяет всю нашу жизнь, царит стабильность в нашей стране, растет достаток и изобилие!

С праздником Наурыз!



Жыланды жұртшылығымен жүздесті

Аудан басшысы А.Абдинов Жыланды ауылдық округінің тұрғындарымен кездесіп, ұсыныс-тілектерін естіп қайтты.

Алдымен, 2023 жылы ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық даму бағытында атқарылған ауқымды жұмыстарды қорытындылап, 2024 жылғы жоспарларымен таныстырып өтті.

Жыланды ауылдық округінің тұрғындары тарапынан ауылға қатысты бірнеше өзекті мәселелер көтерілді. Атап айтсақ, Көкжар орта мектебіндегі ин-

тернет мәселесі, Н.Қазанғапов көшесіне тас төсеу, Майқан ауылындағы ауыз су, Шынжылы ауылы, Есімтөре көшесіне түнгі жарық шамдарын орнату және жер мәселелері көтерілді.

Аудан басшысы тарапынан әр өтінішке заңға сәйкес жауап берсе, енді бірін шешу үшін жауапты бөлім, мекеме басыларына жүктеді.

Жыланды ауылының тұрғындары аудан әкімінің жеке қабыл-



дауына кіріп, 7 азамат тұрғын үй кезегі, «Ауыл аманаты» бағдарламасы, жер және жер үлесін анықтау мәселелері бойынша өтініштерін жеткізді.

Өз тілшіміз.

Елу жыл отасқандарды құттықтады

Наурызнаманың төртінші күні – Шаңырақ күні. Қазақ халқында «Шаңырақ» ұғымының орны бөлек. Шаңырақ – қазақтың киесі, берекенің нышаны, тұрақтылықтың үлгісі. Бұл күн сүйіспеншілік, мейірімділік, жанашырлық, ата-анаға құрмет және ұрпақ сүю сияқты отбасылық құндылықтарды насихаттауға арналған.

Атаулы күнге орай аудан әкімі А.Абдинов отасқандарына 50 жыл толған үлгілі жұптар Үшарал қаласының тұрғындары Жеңіс Жұманов пен Зайра Сайранова, Екпінді ауылдық округі, Қарлығаш ауылының тұрғындары Серік Самарханов пен Ғалия Самарханованы мерекелем құттықтап қайтты.

Аудан әкімі ата-әжелеріміздің



шаңырақтарына құт-береке, молшылық тілей отырып, гүл шоқтары мен арнайы дайындалған мерекелік себетті сыйға тартты. 50 жыл отасқан қария-

лар басынан өткен қызықты оқиғаларымен, рухани әңгімелерімен бөлісіп, ақ батасын берді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Қош келдің Әз - Наурыз!



Наурыз - жер бетіндегі ең көне мейрам

беріп, қуанышқа бөлейді. Қырғыздар да бұл күнге Нооруз мейрамы деп айрықша мән беріп дастархан жайылып, дәстүрлі сумелек тағамы дайындалады. Оны қант, май, сондай-ақ бидай ұнынан әзірлейді. Бұл ас жәннәт тағамы, қасиетті деп есептеледі. Зерттеушілердің көбі Наурыз мейрамын адам баласы бес мың жылдан бері тойлап келе жатқанын айтады. Алайда белгілі тарихшы Жамбыл Артықбаев Наурыз мейрамының тарихы тым әріде жатқанын –

бұл күн жылдың басы, көктемнің алғашқы айы болып есептеледі. Кейін уақыт өте келе (ислам дінінің әсері тағы бар) бұл мереке өз маңыздылығын жоғалтып, кейбір ұлттардың санасынан біржолата өшіп кеткен. Бүгінде наурыз мерекесінің о бастағы негізі сақталғанымен бұрынғы қалпы, тойлау амалдары, өзіне тән жоралғылары жеткен жоқ. Белгілі тарихшы Жамбыл Артықбаевтың айтуынша, бұл күндері кейбір тұтқындарға кешірім жаса-



Ата кәсіп – серігі

Қазақ халқының ұлттық қолөнері сонау ерте заманнан бері қалыптасып келеді. Халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты қолөнердің сан алуан түрі бар. Күнделікті пайдаланатын тұрмыстық заттардан бастап, қыздардың әшекей бұйымдары, киім-кешек тігу, үйге қажетті құрал-жабдықтар, ыдыс-аяқ, көрпешелердегі түрлі ою-өрнектер, ұлттық музыкалық аспаптарды жасау – осының бәрі дерлік тұнып тұрған тарихтан сыр шеретін, қажырлы еңбекті қажет ететін халқымыздың қолөнері.

Әрбір оюдың өзіндік мән-мағынасы бар. Ою-өрнектерді белгілі наным-сенімдерге байланысты өзіндік атаулары да қалыптасқан. Аспан әлеміндегі құбылыстарға байланысты өрнектер «ай», «күн», «жұлдыз», «айшық», «аймүйіз», «құс жолы», «жұлдызша», «кемпірқосақ» т.б. өрнектерді қайталайды. Заттардың атауына байланысты өрнектер «балға», «балта», «тарақ», «балдақ», «күмбез», «табақ», «қармақ», т.б. Ру таңбалары мен ел таңбаларға байланысты «тұмар», «айшық» «босаға», «тарақ», «көз», «шөміш», шылбыр», «көсеу», «ашамай» және т.б. ою-өрнек элементтері де бар. Бұның бәрі қазақ халқының сарқылмас қазынасы, бабадан қалған мұра.

Бүгінде қолөнер шеберлердің саны санаулы ғана. Ал ондағы жастардың үлесі тіптен көп емес. Ата кәсіпті серік қылып, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырамын деген жастардың бірі Біржан Ғабитұлы Құрмаш.

1997 жылы 5 қыркүйекте Үржар ауданы, Шолпан ауылында дүниеге келсе де, кішкентайынан Алақөл ауданының суын ішіп, осы ауданнан түлеп ұшқан. Бүгінде Үшарал қаласындағы «Баба жолы» шеберханасында қолөнермен айналысады. С.Иманасов мектебінің түлегі қазір музыкалық аспаптарды жасап жүр.

Б.Құрмаш ұстазы Ертай Байжалғастан үйренгенін тәжірибеде қолданып, домбыра құрап, шауып, ұлттық өнерге өз үлесін қосып жүр. Қазақтың қоңыр үні қазақ даласында қалқып тұру үшін де музыкалық аспаптарды жасайтын шеберлердің ел үшін маңызы зор деуге болады. Олар ғасырдан дағдыға жалғасқан ақпаратты тасушы адамдар. Ұлттың жылдар бойы жинаған тәжірибесін бір бойында сақтап жүрген шеберлер. Сондықтан өнерді өлкеге қанат жайған жастардың да кейінгі ұрпаққа үйретері мол, қолөнердің жалғасты болуына өз үлесін қосады деген сенім де пайда болады.

Біржан Құрмаш музыкалық аспаптардан бөлек, ағаштан мүсіншелер ойып, қобдишалар жасап, ою ойып, ұлттық аспаптарды, оның ішінде кесе, ағаш табақ, тостағандар мен ожау жасаумен де айналысады. Бүгінде бұдан да көп білсем, білімімді толықтырсам деген шебер әлі де біраз шаруа бітіруге ниетті.

Ауданымыз қолөнер шеберлеріне кенде емес. Олардың қатары көбейсе, болашақ үшін пайдалы болары сөзсіз.

Музыкалық аспаптарды жасауда аса шыдамдылық, табандылық, шығармашылық қабілет керек. Себебі өр жұмыстың өз қиындығы барын ескерсек, аспаптарды дайындауда дыбыстың дұрыс әрі таза шығуы үшін, аспаптың сапалы болуы үшін өнімді ету қажет екен. Қазіргі музыканттардың аспапқа деген сұранысы көп. Сондықтан талабын ескеріп, қалауына сай, көңілінен шығатындай аспап түрін жасау үшін шеберлік қажет. Демек, сұраныс бар жерде қай нәрсенің де жоғалмасы анық, яки ұмыт болмасы да хақ. Бұл көнермеген өнердің ешқашан өшпейтінін білдіреді.

Өз тілшіміз.

А.СҮЛЕЙМЕН.



кемі он мың жыл болатынын айтады: «Мен Наурыз мейрамы Еуразия даласында екі-үш мың жыл емес, он екі-он үш мың жыл бұрын тойлана бастады деген пікірдемін. Қазақтың әңгімелері Наурызды Нұх пайғамбардың заманымен байланыстырады. Жер бетін топан су басқан

оқиға оқырманның бәріне де белгілі. Нұхтың жанында Құдайға сенген сексен адам бар, үш ұл, үш келіні бар алты ай он күн су бетінде қалқып жүріп, ұлдік-талдық дегенде Қазығұрт тауының ұшар басына тоқтапты дейді. Біреуі ата-анасынан, біреуі баласынан айрылған, уайым-қайғы басқан ел осы жерде жан шақырыпты. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Нұхтың әңгімесін баяндай келе «Кеме Қазығұрттың басына тоқтаған күн қасиетті Мұхарам айының оны екен, жұлдыз есебімен санағанда күннің Хамалдың бірінші уәжібіне кірген күні» дейді. Арабтың календары ай есебіне негізделгеннен кейін ылғи да өзгеріп отырады, дегенмен Мұхарам айы оларда қасиетті ай, жылдың басы деп құрметке ие, ал жұлдыз есебімен санасақ Хамал қазіргі уақытта Тоқты аталады және наурызға сәйкеседі. Осы себепті қазақ жерінің батыс аймақтарында Наурызды «Амал мерекесі» деп те атайды, «Амал» дегені «Хамалдан» шығады. Еуразия халықтарының көпшілігінде жаңа санат (григориан) календары кіргенге дейін жыл басы Наурыз болды. Қалай болғанда да Нұх пайғамбардың кемесі тура Наурызда Қазығұртқа тоқтаған болып отыр. Осыдан кейін Топан су қай заманда болған деген сұрақ туындауы заңды, қазіргі кешенді ғылыми зерттеулер жер бетінде соңғы топан судың біздің жыл санауымызға дейінгі 12-13 мың жылдар бұрын болғанын айтады», - дейді Жамбыл ағамыз.

Шын мәнінде Наурыз мейрамы ешқандай да діни немесе ғұрыптық салт емес көптеген халықтарда табиғат мейрамы саналған. Шығыс күнтізбесі бойынша

лып, жарлы-жақыбайлар салықтан босатылатын болған. «Мәуреннахр өлкесінде жаңадан сайланған патшаларды әдейілеп алып келіп отырғызатын қасиетті көк тас болған. Бұл «Смарханның көк тасы» деп аталып кеткен. Патшалар наурыз мейрамы қарсаңында осы тасқа отырып тұтқындарға кешірім жасаған. Зынданда отырғандарды босатып, құлдарға азаттық сыйлайтын әдет болған. «Самарқанның көк тасы жібиді» деген түсінік осыдан қалған. Қасиетті көк тасқа қазақ хандарының ішінен Тәуекел ғана отырған. Біз қазір наурыз мейрамының бұрынғы салтын қайта жаңғырта алмай отырмыз. Кезінде Түркістандағы алтын тақта отырған қазақтың хандары қолданған - керсен толы суға балық жіберу, наурыз тұсында ұсақ қылмыс жасаған адамдарға кешірім жасау секілді әдемі дәстүрлерді қайта неге жаңғыртпасақ?!», - дейді ол.

Наурыз – көпшілігі ойлап жүргендей, діни мереке емес. Сонымен қатар, көптеген ислам елдерінде бұл мерекені атап өтуге тыйым салынған. Сирияда және Иранда Наурыз мейрамы тойланбайды, ал Түркияда мерекені 1991 жылға дейін атап өтуге тыйым салынған болатын. Шамасы, наурыз мейрамын мұсылман мерекесі ретінде қабылдау халықтың этникалық тамырымен тығыз байланысты. Осы уақытқа дейін Орта Азияның негізгі байырғы халқы, яғни қазақтар, қарақалпақтар, өзбектер, қырғыздар, тәжіктер және түркімендер этникалық мұсылмандар ретінде саналады. Және соның нәтижесінде, бұл халықтардың барлық ұлттық мерекелері мұсылман мерекесі ретінде қабылданады.

Мереке қарсаңында 22 наурыздың түні қазақтар қиыл-ғажайып аңыздардағы бейне – Қызыр атаны күтеді. Наурыз қарсаңы Қызыр түні немесе «бата түні» деп аталады. Қазақтар бұл түні Қызыр атаны күтіп, ұйықтамауға тырысатын. Ал тұрмысқа шықпаған қыздар өздері ұнататын жігіттерге арнап, соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, «ұйқышар» деп аталатын ерекше тағам әзірлейді. Жігіттер мен бозбалалар болса, қыздардың қонақасының қарымтасына айна, тарақ, иіс судан тұратын «селт еткізер», «дір еткізер» сыйлықтарын ұсынады. Және бойжеткендер терезені сәл ашып, үстелге үн салынған ыдыс қойған. Егер үй таза және үй иелерінің жүрегі мейірімге толы болса, Қызыр Ата бақ қонған үйге батасын береді деп есептеледі.



нымен, негізі бір: Наурыз мейрамы – жыл басы, көктем мерекесі ретінде аталып өтіледі. Мәселен, Наурыз мейрамын түрік бауырларымыздың арасында «Невруз байрам», «Невруз Султан» сияқты аттармен танылған. Қазақтар секілді түрік ағайындар да Наурызға алдын-ала дайындалып, жақындары мен көршілеріне сый жасап, дәмдер үлестіреді және жақсы амалдар жасауға тырысады. Түріктер бұл күні жанып тұрған алаудың үстінен секіріп, бойларындағы жаман энергия, ауру-сырқаудан арылып, аласталады. Бірақ кейінгі кездері бұл дәстүр жаппай отшашулармен алмастырылып келеді. Әзірбайжанда да аластау дәстүрі бар. «Тонгал» деп аталатын қасиетті от жағылып, адамдар оның үсітен жеті рет секіріп өтеді. Наурыз мейрамын халық ерекше ықыласпен атайды. Мереке күні Шекербура деп аталатын ас дайындайды. Ол қамырдан жасалған ай пішіндес тәтті тағам түрі. Оны айналдыра «күн символы» ретінде жасыл бидай сабақтары қойылады. Бұл күн мен түннің теңесуін еске түсіреді. Үйге келген қонақтар шекербурадан ауыз тиіп тұрып, бір-біріне бақыт пен молшылық тілейді. Дәстүр бойынша Наурыз күні жаңбыр жауса, «келер жыл өте берекетті болады» деген наным бар. Ұлыстың ұлы күнін Өзбекстан ерекше атап өтеді. Онда Наурызды қалай күтіп алса, жыл солай өтеді деген сенім бар. Наурыз көжеміз секілді сумалық (бидай ұнынан жасалған тағам) деп аталатын тағам дайындап, адамдар бір-бірінен кешірім сұрасып, жақындарына сыйлық



Руками мастера

Именно весной – во время пробуждения природы, расцвета новой жизни, казахстанский народ отмечает праздник Наурыз. Наши прадеды называли день весеннего равноденствия «Великим днем», а по всей округе начинали царить мир, согласие, дружба, единство народов.

Достичь своей цели



Мы решили посвятить праздничную статью прекрасной женщине, уроженке нашего района - Климовой Юлие Викторовне, владелице нового ресторана «Sunrise», название которого в переводе с английского означает восход солнца. Так и получилось. Деятельность данного заведения соответствует своему названию. Открывшись 10 ноября, в канун 2024 года они смогли привлечь жителей не только нашего города, но и сельских округов. В этом ярком и уютном заведении можно насладиться большим ассортиментом турецкой и европейской кухни.

- Юлия Викторовна кем вы мечтали стать в юности и какое образование получили?

- Что интересно, в школьные годы мне очень нравилось проводить время на кухне, печь торты и готовить блюда. Конечно, я мечтала работать в сфере общественного питания, определенно, это занятие уже тогда являлось для меня самым увлекательным. На данный момент я понимаю все нюансы этой работы - по крайней мере могу представить. Но не будем забегать вперед, начнем со времен моей юности.

Закончив среднюю школу в селе Актубек, я поступила в колледж и получила образование по специальности «Бухгалтер», а затем уже продолжила обучение в академии имени У. Джолдасбекова по бухгалтерскому учету г. Талдыкорган.

- Расскажите о том, как вы пришли к такому результату, кем вы работали ранее?

- Как я уже отметила, мне очень нравилось готовить и печь, и это увлечение стало моей визитной карточкой на всю жизнь. Поэтому после окончания Актубекской СШ, и колледжа, в 2007 году я устроилась помощником повара в кафе «Уют», затем стала администратором того же заведения. Работала я в этом кафе достаточно долго, почти 7 лет, далее принимала заказы на изготовление салатов на дому. После этого устроившись в СПТУ мастером производственного обучения «Гостиничное дело», я одновременно продолжила работу в ресторане Байтерек - помощником повара. Как видите, моя

Наурыз – особо любимый праздник, который пришел к нам из глубины веков. Это вестник добра и тепла, дружбы, единства, равноденствия дня и ночи, начало восточного Нового года, от которого мы ждем всего хорошего. В преддверии праздника жители приводят в порядок свои дома, улицы, сажают деревья, чистят родники. Люди прощают старые обиды, желают друг другу всех благ, помогают нуждающимся. В Казахстане его отмечают представители всех этносов и народностей.

трудовая биография связана с кухней, именно мое увлечение и послужило тому, что я стала предпринимателем.

- Сегодня вы являетесь основателем ресторана «Sunrise». Как известно, большое значение в сфере общественного питания имеет хорошая кухня, а именно вкусная еда. Поэтому от профессионализма шеф - повара зависит многое. Расскажите пожалуйста об этом подробнее.

- Да, вы правы. В нашем ресторане работают шеф - повара с большим стажем - Асет Табеев и Махсет Сейдеметов. Эти ребята ранее набирались опыта и знаний в Турции, благодаря им все блюда из нашего ассортимента готовятся очень вкусно, с изюминкой и их подают с пылу - жару. С турецкой кампанией, а именно с Харуном Гюней у нас заключен годовой контракт, на основе которого стало возможно привлечь в наше заведение таких профессионалов, настоящих

и разнообразие шашлычной продукции. Любителям супов можем порекомендовать кала - пачу, которая по вкусу напоминает наш традиционный наурыз - коже. Наличие различных салатов, холодных блюд, фаствуда, суши и роллы, десертов, горячих блюд - это только малая часть нашего широкого ассортимента, который мы предоставляем нашим гостям. Уютный интерьер, красивая мебель, кабинки для отдыха, большой зал, рассчитанный для большого количества посетителей, музыка - созданы все условия для прекрасного досуга.

- Чем ваше заведение привлекает клиентов?

- Это широкий ассортимент блюд и качество, постоянно свежая продукция, самое главное - все вкусно и доступно.

- Каким качествами на ваш взгляд должен обладать руководитель бизнеса?

- Общепит - это постоянное

общение с клиентами, поэтому руководитель, определенно должен обладать развитыми коммуникативными навыками, уметь находить общий язык. Наиболее важными качествами является пунктуальность и ответственность. Чтобы добиться результатов, нужно нести ответственность и за своих работников, и за здоровье каждого клиента, который пользуется нашими услугами. Ну и конечно же решительность. Не нужно бояться новых начинаний, главное поставленная цель и ее достижение.

- Ваши планы на ближайшее будущее?

- Если говорить о моих планах на ближайшее будущее, то могу сказать, что как и любой предприниматель я заранее планирую свои текущие дела. Поэтому, конечно же хотелось бы на территории ресторана подготовить уютную летнюю площадку, чтобы гости могли отдыхать на свежем воздухе и наслаждаться нашими гастрономическими шедеврами. Время покажет, надеюсь что все получится.

Юлия Викторовна! От лица редакции поздравляем вас с праздником Наурыз и желаем вам процветания, благополучия, больших успехов и всего самого наилучшего.

Интервью вела Ш. ИМАНАСОВА.

необходимые составные части аммуниции для лошадей – только уздечек делают несколько видов. Главные инструменты мастера – нож, крючок и шило. Основные материалы для изготовления изделий он вырабатывает из коровьих шкур, сам их выделяет и подготавливает.

Посоветовавшись с детьми,

мастер Даделхан решил открыть магазин в городе Алматы, в котором для продажи будут выставлены различные товары из конной аммуниции, изготовленной его руками.


К сожалению, в нашем районе таких мастеров очень мало, и государство должно быть заинтересовано в развитии такого направления.

Но для истинного мастера очень важна атмосфера в доме, которую создает супруга Нурланган, и словом и делом оказывая поддержку супругу в его добром и благородном начинании. У мастера 4 взрослых сыновей, которые всегда готовы помочь отцу в его ремесле. Кадырсултан, Мусабек, Кайсарбек, Расул – братья, каждый из которых нашел свое призвание и теперь приносит пользу государству.

Для развития нашей страны необходимо оказывать всестороннюю поддержку мастерам. Только такие люди, с искренним желанием трудиться и приносить пользу своей стране могут помочь восстановить забытые ремесла, которые являются частью нашей истории.

Ш. НУКЕБАЕВА.

Доброй традицией стало в преддверии Наурыза, заглядывать в гости к «портному» из Ынтылинского сельского округа Даделхан Нусипхану, который шьет уздечки, подпруги, подбрюшники, ременную тесьму, камчу - все ручной работы. Специалистов по изготовлению конской упряжи в районе



совсем мало. Профессия уже несколько лет находится в списке забытых ремесел.

Слава о крепкой и красивой уздечке, сделанной руками мастера Даделхана, разошлась по всему округу – заказы приходят из разных сел, особенно много люди обращаются в зимнее время. По всему району уже достаточно лошадей скачут в упряжи, сшитом портным – самоучкой.

- Я с детства наблюдал как пожилые люди изготавливали различные части аммуниции для лошадей своими руками. Я понимал, что мне это очень интересно и я изо дня в день запоминал, учился, приобретал навыки и сам не заметил как втянулся в это давно забытое ремесло.

Любовь к лошадям подтолкнула его к изучению старинной профессии шорника.

Когда делал первую камчу, по крупицам вспоминал о секретах умирающего ремесла, перед собой поставил цель – сшить ее хорошего качества. А когда люди начали делать заказы, решил заняться этим вплотную.

Даделхан ага изготавливает



танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына

жылдары жылдан дамып келе жатқан ауданымызда да көңіл қуантарлық істер атқарылуда.

«Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бағдарламасын жүзеге асыру «Жетісу адалдық алаңы»



130 ана марапатталды

Жағатал ауылдық округі әкімінің ұйымдастырумен Қазақстан ауылында 130 ана, оның ішінде алтын және күміс алқа иегерлері, көп балалы аналар және кәсіпкерлерді шақырып, «Аналар – асыл жандар» деген мерекелік жиын өтті. Айта кету керек, Жағатал ауылдық округінде 21 «Алтын алқа» және 23 «Күміс алқа» иегері бар.

Шара барысында Жағатал ауылдық округінің әкімі Қ.Тұрлыбеков сөз сөйлеп, аналарды көктемнің жылуындай болып келген мерекемен құттықтап, ауылдағы мекеме басшыларын Алғыс хатпен марапаттады. Сондай-ақ ақсақалдар алқасының төрағасы Р.Басшығұлов, ардагерлер алқасының төрағасы Р.Себепов және жергілікті

қоғамдастық келісім кеңесінің төрағасы Б.Бейсенбаев мерекеге себепшісі болған барша аналарымызға жылы лебізін білдірді. Шараның ресми бөлігі аяқталған соң, Зейнеп Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйі әншілерінің мерекелік концерттік бағдарламасымен жалғасты.

А.ӘБИТҰЛЫ.

КЕЛЕШЕГІМІЗ КЕМЕЛ БОЛСЫН ДЕСЕК...

Қазіргі таңда, қоғамдағы көкейтесті мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлық туралы күнде айтылып та, жазылып та жатқаны баршамызға мәлім. Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, қай жерде мол қаржы болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті індеттің бірі. Осы орайда, Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында жемқорлықпен күрес қатаң қолға алынатындығы жайлы ашық айтып, оның жолдарын түсіндіріп берді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып, ел арасында түсіндіру жұмыстары да өз деңгейінде жүргізіліп келеді. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет ұшырасып жатады. «Бермесен, алмайсың» деген түсінік жастың да, көрінің де санасын ұялап алған. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік

түрткі болады. Аталған індетпен күрес жүргізу – мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы, осы кеселге қатаң бағытталған мемлекеттік бағдарламалар жоғары деңгейде әрі жауаптылықпен жүзеге асырылуы тиіс деп есептеймін. Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегіндегі кадр, заңгерлік және өзге де қызметкерлерді тарта отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Жемқорлық – мемлекеттің жаһандық бәсекелестікте ауқымды қадамдар жасауға кедергі болып, елдің беделі мен қауіпсіздігіне көлеңке түсіретін құбылыс. Тағы айта кететіні, бұл індет билік пен бұқара арасына іріткі салып, заң мен елдегі әділеттілікке деген сенімін жоғалтатын жасырын емес.

Кез келген өркениетті қоғам үшін жемқорлық көріністерімен күрес өзекті тақырыптардың көш басында тұрғаны сөзсіз. Бұл бағыттағы жұмыстар ел аумағында да жүйелі жүзеге асуда. Кейінгі

жобасы аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру мақсатында 23 ауылдық округ кітапханаларында «Парасат жолы адалдық алаңы» бұрышы, 44 мектеп және Алакөл көпсалалы колледж ғимараттарында «Адал ұрпақ», «Саналы ұрпақ-ерікті колледж» клубтары саналы ұлт қалыптастыру жолында белсенді қызмет атқарып келеді. Халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жандандыруға бағытталған «1424 call орталығы» қызметінің ақпараттық көрнекі құралдары қоғамдық орындарға орналастырылып, жиі насихатталуда.

Ұлттық санамызға, болмысымызға, дінімізге, ділімізге де жат дүниеге қарсы тұруды әр азамат өзінен бастағаны абзал. «Қоғам-өмірдің айнасы» демекші, түгел қоғам қарсы болып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жандандыратын болсақ, егеменді еліміздің келешегі кемел болары сөзсіз.

Б.АЙТАХМЕТОВ,
аудандық ішкі саясат,
мәдениет, тілдерді дамыту
және спорт бөлімінің басшысы.

Ауыл тарихы – ұрпаққа аманат

Барлық адамзат баласына тән қасиет – өмірге құштарлық. Қараңғы түннен гөрі, арайлап атқан таңға, алдағы жарқын болашаққа ынтық болу – азамат болуға ұмтылған әр тұлғаның міндеті. Туған жерінің әрбір түлегі кешегі өткен бабалар жайлы біліп, өткен өмірден хабардар болуы керек. Әр адамның бойында адамгершілік, биік мұрат, өзі туған жеріне деген сүйіспеншілік қалыптасуы қажет. Ұлтымыздың асыл қазынасына айналып отырған бабалар мұрасын келешек ұрпақтың асылындай сақтап, өнеге тұтып, үлге ете білуі – әр азаматқа міндет.

Осы орайда, Алакөл ауданы, Ақтүбек ауылында «Ауыл тарихы – ұрпаққа аманат» тақырыбында үлкен іс-шара өтті. Шараның негізгі мақсаты: ауылда өсіп келе жатқан жас ұрпаққа ауыл тарихын, осы ауылдан шыққан тұлғалардың еңбегін, ауылдағы тұрғындардың береке-бірлігін насихаттау еді.

Осыдан үш жыл бұрын Алакөл аудандық Аналар кеңесі әр округтердің әр көшесіне көше көшбасшыларын сайлап, ауыл тұрғындарымен ынтымақтаса тәрбие жұмысын жүргізуді тапсырған болатын. Ауылдардағы аналар кеңесінің төрайымдары өз ауылдарында осы тапсырманы іске асырып, белсене жұмыс атқарып жүр. Өз округінде мейлінше тәрбие жұмысын дұрыс жолға қойып, өнеге көрсетіп жүрген аналар кеңесінің төрайымы – Түгелова Қаршыға Түгелқызының еңбегі ерекше. Қаршыға ананың ұйымдастыруымен наурыздың өткен аптасында Ақтүбек ауылында «Ауыл тарихы – ұрпаққа аманат» атты әр көше тұрғындарының сайысы дүркіреп тұрып өтті. Сайысқа қатысушылар бірнеше номинация бойынша додаға түсті:

1. Көшенің аталуы, тарихы, бұл көшеден қандай тұлғалар шықты;
2. Көше тұрғындарының береке-бірлігі, аула тазылығы, көршілер



татулығы;

3. Өсіп келе жатқан жастардың тәртібі, өнері, ата-анамен байланысы;
4. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» бейнеролигі бойынша көше намысын қорғау (нашақорлық, иеп-құмарлықтың зияны);
5. Ұлттық дәстүр, әдет-ғұрыптар бойынша көрініс;
6. Ұлттық құндылықтар көрмесі.

Сайысқа ауылдағы 9 көше тұрғындары өте жоғары деңгейде дайындалғаны әр ісінен көрініп тұрды. Берілген номинациялар бойынша тақырыптар жан-жақты ашылып, ауыл тұрғындарын тәнті етті. Ғұлама Ата Түрік: «Ұлтқа қожалық етуге болмайды, ұлтқа қызмет ету керек» десе, біздің бабабаларымыз «Әкім бол, халқыңа жақын бол», - деген еді. Осы орайда, Ақтүбек ауылдық округінің әкімі Ахметов Мұрат Байболатұлы шараның басы-қасында жүріп, тынбай қолдау көрсетті. Бұл азаматтың бойынан ұлтқа деген, халыққа, аналарға деген үлкен құрметтің бар екені көрініп тұрды. Іскер, шығармашыл, ұрпақ тәрбиесіне жан-тәнімен берілген Түгелова Қаршыға ананың ұсыныстарын қолдап, әрдайым көмек қолын созып, жастардың тәрбиесіне үлес қосып жүрген Мұрат баламызға

алғысымыз шексіз!

Қаршыға Түгелқызы өз ауылының үлкен-кішісіне дейін мейірім төгіп, саналы азамат болуына үлес қосып жүрген аяулы ана. Қаршыға ана мен жолдасы, бірнеше кітаптың авторы, ақын Арынтай атамыздың жастарға айтары да, үйретері де көп. Арынтай ата мен Қаршыға ана: «Тәрбие табалдырықтан! Ана қалғыса, ұлт қалғиды. Отбасында еркек сыйлы болмаса, қыз – көкбет, ұл – безер болады. Ұлттық тәрбиені жаңғыртайық!» - деп, әр отбасына үндеу тастайды.

«Үлкенін құрметтеп өскен ел – азбайды» дегендей, ауыл тұрғындарының ортасында сыйлы да құрметті жандарға зор денсаулық тілейміз!

Сайыстың ету барысында байқағанымыз: ауыл тұрғындарының айрандай ұйыған ынтымағы бар, береке-бірлігі зор, ауыл намысын жоғары ұстайтын жандар екенін көрдік. Ауыл азаматтарының тұрмыста тұрақты, уәдеге берік, қызметте ұстамды, ертеңгі шығар биігі күмәнсіз екеніне сеніміміз мол!

Ұлжалғас ДЮСЕБАЕВА,
аудандық Аналар кеңесінің
төрайымы.



Кәсіпкерлермен кездесті

ҚР Президенті «Бизнестің жол картасы-2025» және «Қарапайым заттар экономикасын» және де басқа бағдарламаларды қалыптастыру жөнінде тапсырма бергенін білеміз. Осыған орай Бірыңғай кешенді бағдарлама да дайындалған. Бағдарламаны түсіндіру мақсатында облыстық Даму Қоры орталығы өкілі арнайы келіп, кәсіпкерлермен кездесу өткізді.

Семинар кеңеске, «Аманат» партиясының хатшысы, Алакөл ауданы бойынша кәсіпкерлер палатасы, аудан кәсіпкерлері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. 30-дан аса кәсіпкер жаңа бағдарламаның анық-қанығын білу үшін арнайы келген.

Облыстық Даму қоры орталығының өкілі Көркем Серікбайқызы Тауханова кәсіпкерлердің несие алуы және оған қордың көмегі туралы баяндама оқыды. Түсінгенімізше, бүгінде қор Kaspi bank пен Home Credit Bank банктен басқа барлық екінші деңгейлі банкпен келісімге келген. Сол банктен Даму қорының бағдарламасы арқылы несие алған кәсіпкерлердің бел-

гілі бір пайызын қор төлейді. Ол үшін кәсіпкерлер қажетті құжатты түгел жинап апаруы тиіс. Қаржы қолға берілмейді, тек келісімшарт жүзінде жұмсалатын жерге төленеді дейді қор өкілі.

Баяндама аяқталған соң, кәсіпкерлер сұрақ қойып, бағдарламаның анық-қанығын білуге тырысты. Бірі құжат бастылық кәсіпкердің көп уақытын алады десе, енді бірі пайыз мөлшері көңілге қонымсыз деді.

Айта кету керек, Даму қорының бағдарламасы туралы білу үшін, ресми әлеуметтік желісіне кіріп, болмаса сонда көрсетілген телефон нөміріне қоңырау шалу керек.

А.СҮЛЕЙМЕН.

Әскери медицина — армия саулығының кепілі

Қазақстан өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған сәттен-ақ Президент Жарлығымен 1992 жылы еліміздің қорғаныс әлеуетін қамтамасыз ету үшін Қарулы Күштерімізді құруға кірістік. Осы тұста, елдің тұтастығы мен егемендігіміздің мызғымас болуын қамтамасыз ететін әскерлерімізді бейбіт және соғыс уақытында жан-жақты медициналық қамтамасыз ететін — әскери медицинаны қалыптастыру қажет болды.



Мақсатымыз — әскеріміздің жоғарғы жауынгерлік қабілетін қамтамасыз ету үшін әскери қызметшілеріміздің, яғни офицерлеріміз, сержанттарымыз бен денсаулығын сақтау және оны нығайту. Әскери медицинаны қазіргі заман талабына сәйкес дамыту, оның ішінде азаматтық денсаулық сақтау жүйесімен терезесін тең ету, олармен жалпы интеграциялану, өзара әрекеттесуді күшейту.

Осы аталған мақсаттарға қол жеткізуде бірден-бір маңызды бағыт — ол бәсекеге қабілетті әскери-медициналық кадрларды, яғни әскери дәрігерлерді даярлау. Осы бағытты жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі 2016 жылдан бастап Ақтөбе қаласындағы Т.Ж. Бигелдинов атындағы Әуе қорғаныс күштерінің Әскери институтында М. Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік медицина университетімен денсаулық сақтау саласындағы мамандарды даярлау туралы Меморандум жасасу арқылы академиялық ұтқырлық шеңберінде «бакалавриат» (6 жыл) білім беру бағдарламасы бойынша «Әскери медицина», «Әскери істегі стоматология» және «Әскери фармация» мамандықтары бойынша әскери дәрігерлерді даярлауды жүзеге асырып келеді.

Сондай-ақ халықаралық келісімдер бойынша Қорғаныс министрлігінің есебінен әскери дәрігерлерді Ресей Федерациясының, Армения Республикасының, Түркия Республикасының және Қытай Халық Республикасының медициналық университеттерінде дайындауда.

Осы аталған әскери-медициналық жоғары оқу орындарында оқып жүрген 6 жыл бойы курсанттар тегін жатын-үймен, киім-кешекпен, медициналық көмекпен тегін қамтамасыз етіледі, көлік қатынасының (сонымен қатар, каникулдық демалыс кезіндегі үйге келіп-кету) шығындары толық өтеліп, ай сайынғы стипендиялары төленіп отырады, яғни толық мемлекеттің қарауында болады.

Жоғары оқу орнын «бакалавриат» бағдарламасы бойынша бітіргеннен кейін уәкілетті орган белгілеген үлгідегі диплом, «жалпы тәжірибелі дәрігер»

біліктілігі және «медицина қызметінің лейтенанты» офицерлік құрамның бірінші әскери шені беріліп, барлығы дерлік қызметке тағайындалып, ерекше түрдегі мемлекеттік қызметші мәртебесіне ие болады.

Осы ретте Алақол ауданында арнайы үгіт-насихат жұмыстары ұйымдастырылып, өңір мектептері мен колледжде арнайы кездесулер өтті. Шара барысында әскери медицинаның маңызы, осы бағытта оқытатын білім ордалары жайлы ақпарат берілді.

«Әскери-дәрігер» — бейбіт өмірде және соғыс уақытында, елімізге қауіп төніп төтенше жағдай туындаған жағдайларда, біріншіден әскери адам ретінде иығына қару асынып, өзін, қасындағы жауынгер досын және науқастарды жау оғынан қорғай жүріп, екіншіден басын қатерге тігіп, кеудесін оққа тосып, қолына дәрігерлік сөмкесін алып, дереу жетіп барып, сарбаздардың қасында бірінші табылып, көмек беретін маман.

Оқуға қабылдану үшін ниет білдірген әрбір мектеп пен арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарының (колледждер және т.б.) бітіруші түлектері, 24 жасқа дейінгі сарбаз және 25 жасқа дейінгі келісімшарт бойынша әскери қызметші әскери басқарудың жергілікті органдары (әскери военкоматтар) арқылы өтініш білдіріп, осы аталған Әуе қорғаныс Күштері Әскери институтына келіп, арнайы сынақтардан өтуі қажет.

Мемлекет басшылығының қолдауы нәтижесінде жылдан жылға әскери қызметшілердің, онымен қоса, әскери дәрігерлердің әлеуметтік жағдайлары біршама түзеліп, әскери медицинаның жалпы келбеті мен әскери дәрігерлердің абыройы жоғарылап келеді.

Қорыта келгенде, елеулі 31 жыл көлемінде қыруар жұмыстар атқарылып, әскери медицинаның айбыны артып, әлеуеті жоғарылап, жауынгерлеріміздің денсаулығын сақтау мен нығайтуда «сенімді сақшы» деген атаққа әбден лайық деп зор сеніммен айтуға болады!

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас әскери-медициналық басқармасы.

Аудан әкімі А.С.Абдиновтың Алақол ауданының тұрғындарымен кездесуінде көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі ІС - ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ (2024 жыл І - жартыжылдық)

№	Көтерілген мәселе	Шешу жолдары	Уақыты	Жауапты орындаушы
1	Арқарлы ауылына медициналық пункт салу мәселесі	Арқарлы ауылына блокты-модульді медициналық пункт орнату	30 шілде 2024 жыл	А.Бутабаев Д.Сатыбалдиев Е.Төкенов
2	Өшім ауылына медициналық пункт салу мәселесі (Жыланды а/о)	Өшім ауылына блокты-модульді медициналық пункт орнату	30 шілде 2024 жыл	А.Бутабаев Д.Сатыбалдиев М.Садуақасов
3	Қоңыр ауылына медициналық пункт салу мәселесі (Ақжар а/о)	Қоңыр ауылына блокты-модульді медициналық пункт орнату	30 шілде 2024 жыл	А.Бутабаев Д.Сатыбалдиев Е.Жапарғалиев
4	Үшарал қаласындағы Абылайхан көшесінің сапасы төмен	Үшарал қаласындағы Абылайхан көшесін күрделі жөндеу	30 тамыз 2024 жыл	Қ.Мухаметқалиев М.Сайдильдинов
5	Теректі ауылындағы ауыз су мәселесі	Теректі ауылын сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту	30 қазан 2024 жыл	Қ.Мухаметқалиев М.Тұмаров
6	Бибақан ауылының ауыз су мәселесі (Сапақ а/о)	Бибақан ауылын сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту	30 мамыр 024 жыл	Қ.Мухаметқалиев А.Мұқаш
7	Қайнар ауылына спорт алаңы қажет	Қайнар ауылына спорт алаңының құрылысын салу	30 шілде 2024 жыл	Қ.Жұмашев
8	Достық ауылындағы Жансүгіров көшесінің жарық мәселесі	Достық ауылындағы Жансүгіров көшесінің көше жарық шамдарын ағымды жөндеу	15 қазан 2024 жыл	Е.Енсебаев
9	Қазақстан ауылының ішкі көшелерін жөндеу	Қазақстан ауылының Рысқұлов және Сембайұлы көшелерін орташа жөндеу	10 тамыз 2024 жыл	Қ.Мухаметқалиев Қ.Тұрлыбеков

Аппарат басшысы

Д.САТЫБАЛДИЕВ.

ПЛАН ДЕЙСТВИЙ по решению проблемных вопросов, затронутых на встрече акима района А.С.Абдинова с населением Алакольского района (2024 год I-полугодие)

№	Рассматриваемая проблема	Пути решения	Время	Ответственный исполнитель
1	Вопрос медицинского пункта в селе Архарлы	Установка блочно-модульного медицинского пункта в селе Архарлы	30 июля 2024 года	А.Бутабаев Д.Сатыбалдиев Е.Төкенов
2	Вопрос медицинского пункта в селе Ашим (Жыландинский с/о)	Установка блочно-модульного медицинского пункта в селе Ашим	30 июля 2024 года	А.Бутабаев Д.Сатыбалдиев М.Садуақасов
3	Вопрос медицинского пункта в селе Коныр (Ақжарский с/о)	Установка блочно-модульного медицинского пункта в селе Коныр	30 июля 2024 года	А.Бутабаев Д.Сатыбалдиев Е.Жапарғалиев
4	Низкое качество улицы Абылайхана в городе Ушарал	Капитальный ремонт улицы Абылайхана в городе Ушарал	30 августа 2024 года	К.Мухаметқалиев М.Сайдильдинов
5	Вопрос питьевой воды в селе Теректы	Реконструкция системы водоснабжения в селе Теректы	30 октября 2024 года	К.Мухаметқалиев М.Тұмаров
6	Вопрос питьевой воды в селе Бибақан (Сапақский с/о)	Реконструкция системы водоснабжения в селе Бибақан	30 мая 2024 года	К.Мухаметқалиев А.Мұқаш
7	В село Кайнар требуется спортивная площадка	Строительство спортивной площадки в селе Кайнар	30 июля 2024 года	Қ.Жұмашев
8	Проблема освещения улицы Джансугурова в селе Достық	Текущий ремонт уличного освещения улицы Джансугурова в селе Достық	15 октября 2024 года	Е.Енсебаев
9	Ремонт внутренних улиц в селе Казахстан	Средний ремонт улиц Рыскулова и Сембайұлы в селе Казахстан	10 августа 2024 года	К.Мухаметқалиев К.Тұрлыбеков

Руководитель аппарата

Д.САТЫБАЛДИЕВ.

Өрт қаупі мол маусымға дайындық

Алақол — осы өлкенің тумасы үшін ерекше ыстық аймақ. Біздің өлке ақ басты тауымен, айдынды көлімен көркем. Жазық даламыз, сай-саламыз да бар. Ауа райы да өлкеге тән: қысы қатаң, жазы жайдары, ыстығы мен суығы да бар. Бұл жерде Алақол мемлекеттік табиғи қорығының орналасуы жай емес. Алуан түрлі құстар мен жан-жануарлар қорық аумағындағы қалың қамысты паналаған.

Көктемнің қарбалас күнімен жарысып өрт қаупі мол маусымы да келіп жетеді. Әсіресе жаз айларында орман-тоғайда, кең өлкеміздің табиғатында өрттің шығуы жиі кездеседі. Қауіпті өрттің туындау себебі, жаз шығып, күн ыси бастағанда, қыстай қар астында жатқан қураған шөптер орман-тоғайға өрт қауіптілігін туғызады. Өрттің пайда болуына 90 пайыз адамдар кінәлі. Себебі өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамай шабындық алқаптарын өртеуден, орманда қамыс арасында жаққан оттарын өшірмей кетуден, темекінің шоғынан, автокөлік пен трактордан шыққан өрт ұшқынынан және қасақана өртеуден болып жатады. Сол себепті ондай оқыс оқиғалардың алдын алу үшін жыл басынан бастап тілсіз жаудың алдын алу үшін, қорықтың шекара-

сына жақын орналасқан елді-мекендер мен шаруа қожалықтарында өрт қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ұнарақтар таратылады. Аудан мектептерінде «Өрт тілсіз жау» тақ-рыбында лекциялар оқылады. Кордондардағы барлық өртке қарсы қалқаншалардың құрал-жабдықтары жаңартылып, тексерістерден өткізіледі.

Жетісу облысы Алақол ауданының Төтенше жағдайлар бөлімімен, Абай облысы Ұржар ауданының Төтенше жағдайлар бөлімімен және басқа да тиісті мекемелермен Алақол қорығының аумағында орман, дала өрті болған жағдайда бірлесіп өшіру бойынша бірлескен жұмыс жоспарлары бекітіліп, келісілді. Қорық кеңсесінде өртке қарсы кезекшілік кестесі әзірленіп, кезекшілік жүргізіліп отырады. Барлық көлік техникалары тексерістен өтіп, оларға жеткілікті көлемде жанармай мен дизель отынының қоры сақталады. Өрттің алдын алу мақсатында минералды жолақтарға күтім жұмыстары жасалады, өртті бақылау мұнаралары тексерістен өтіп, қорық аумағының шекарасы бойындағы өртке қарсы аншлаптар мен паннолар жаңартылады.

2023 жылы қорықтың автопаркі бірнеше жаңа көліктермен толықты,

атап айтқанда: өртке қарсы іс-шараларды жүргізу үшін 2 бірлік УАЗ автокөлігі негізіндегі шағын орман өртінен сөндіру кешені (МЛПК), 1 дана КАМАЗ негізіндегі АЦ 5,0-40 өрт сөндіру автокөлігі, өртке қарсы минералды жолақтарға күтім жұмыстарын жүргізу үшін 4 бірлік дискілі соқа, өртке қарсы қолданылатын құрал-жабдықтар мен өрт сөндіруге арналған арнайы киім-кешектер алынды.

Біздің Алақол қорығының аумағы қалың құрақты болғандықтан жауға бейім келеді. Титтей өрт ұшқыны шықса болды, қамыс лезде жанып, өшіруге мұрсат бермейді. Көктем шығып, аң-құстар балалап, ұя салатын мекендерінен өрт шықса қаншама жан-жануарлар жойылып кетеді. Біздің қамысты көлдердегі аң-құстардың азайып кетуіне жол бермейік. Өзіміздің табиғатымыздың көмірқышқыл газын жұтып оттегін бөліп шығаратын сүзгіші, яғни орманды алқаптарымыз бен көгалдарымызды өрттен қорғайық.

Р.Б.ШАЛАПАНОВ,
Алақол мемлекеттік табиғи қорығы қорғау бөлімінің басшысы.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП – НАЗАРДА

Бескөл стансасының Желілік полиция бөлімшесінің қызмет көрсету аумағында «Құқықтық тәртіп» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілді.

ҚР ІІМ Көліктегі ПД-нің нұсқауына сәйкес ағымдағы жылдың наурыз айының 15-нен бастап 17-не дейін «Құқықтық тәртіп» атты кең ауқымды жедел профилактикалық іс-шаралар өткізілді. Осыған байланысты жедел іс-шараның тиісті деңгейде өтуі үшін Бескөл стансасының Желілік полиция бөлімшесінің қызмет көрсету аумағында темір жол объектілерінде тиісті құқықтық тәртіпті сақтау, теміржол көлігі нысандарындағы азаматтардың қауіпсіздігін жеткілікті түрде қамтамасыз ету, әкімшілік және

қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау және болдырмау жұмыстары қолға алынды. Теміржол аса қауіпті аймақ болғандықтан, темір жол бойында орын алатын жазатайым деректерін болдырмау мақсатында Бескөл стансасы ЖПБ-нің қызмет көрсету аумағында теміржолға жақын орналасқан елді мекен тұрғындарына теміржолдан өту қағидаларын сақтау және теміржолдарға жақын жерлерге мал жаю бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Аталған іс-шараны өткізу барысында Бескөл стансасы теміржол вокзалының перронында жолаушылар поездарында жолсеріктермен жолаушылар арасында жол үстіндегі кездесулер өткізіп, «Құқықтық тәртіп» тақырыбына профилактикалық

мақсатпен кездесу жүргізілді. Жедел профилактикалық іс-шараның мақсаты көлік объектілерінде қоғамдық тәртіпті тиісті деңгейде сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету болды.

Теміржолға жақын орналасқан оқу орындарының оқушыларымен кездесу өткізіліп, оларға 559 бабының 5 бөлігі ҚР ӘҚБтК-нің 442 бабы және 560 бабтарында көрсетілген құқық бұзушылықтар туралы айтып, оларды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны және ескерту мен айыппұл түрінде шаралар қолданылатыны ескертіледі.

**Ж.БИДОЛДАХАНОВ,
Бескөл ст. ЖПБ бастығы,
полиция майоры.**

Прокуратураға өтініштер мен арыз-шағымдар беру

Прокуратура органдарына өтініштер келесі жолдармен беріледі:

- әдейі;
- пошта қызметі арқылы;
- электрондық үкімет порталы арқылы (электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған кезде);
- «e-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы.

Осыған байланысты, өтінішті тіркеу және қарау үшін оны жоғарыда аталған әдістердің бірімен прокуратура органдарына беру қажет.

Прокуратура органдарындағы өтініштерді қарау тәртібі «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабында, атап айтқанда:

- адам мен азаматтың, егер олар физиологиялық ерекшеліктеріне, психикасының бұзылуына және басқа да мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, кәмілетке толмағандардың, сондай-ақ адамдардың шексіз шеңберін өз бетінше қорғай алмаса, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;

- адамның және азаматтың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге, егер бұл мүдделерді қорғауды құзыретіне тиісті өкілеттіктер кіретін уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе немесе мұндай құқықтар болмаған жағдайда. дене;

- жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдар араласқан жағдайларда олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;

- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына және ұлттық қауіпсіздігіне төнген қауіпті болдырмау мақсатында;

- жойылмауы адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтыратын заң бұзушылық фактілері бойынша;

- Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша;

- Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша.

Өтінішті қарау мерзімі 15 жұмыс күнін құрайды.

Нақты мән-жайлар анықталған жағдайда, өтінішті дұрыс шешу, басқа мемлекеттік органдардан, меншік нысанына қарамастан мекемелерден, ұйымдардан ақпарат алу үшін шағымды қарау мерзімі басшының дәлелді шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін (2 айдан аспауы тиіс). Өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы өтініш берушіге мерзім ұзартылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде хабарланады.

Прокурордың әрекетіне (әрекетсіздігіне) және актілеріне осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Сот немесе жоғары тұрған прокурор прокурордың актілеріне немесе оның әрекеттеріне шағым бойынша шешім қабылданға дейін олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Жоғары тұрған прокурор жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағымы бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурордың актілерінің күшін жоюға, тоқтата тұруға немесе өзгертуге құқылы.

**Т.МОЛДАХАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
Департаментінің өтініштерді
талдау және бақылау бөлімінің
бастығы, әділет кеңесшісі.**



Жемқорлық фактілеріндегі әрекеттер

Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке, әрбір отбасының әл-ауқатына, балаларымыздың жарқын болашағына және тұтастай алғанда елдің дамуына қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға атсалысатын тұлға мемлекеттің қорғауында болады. Мұндай тұлға туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады.

Егер сіз сыбайлас жемқорлықтың куәгері немесе құрбаны болдым деп ойласаңыз, бұл туралы келесідей хабарлауға болады:

Мобильді телефоннан немесе стационарлық телефоннан тегін 1424 нөмірі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Call-орталығына қоңырау шалу қажет, ол жерде консультанттар әрі қарай қандай қадамдар жасау керек екенін түсіндіріп береді немесе сыбайлас жемқорлық фактілерінің жолын кесу үшін дереу әрекет етеді.

Алакөл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

Құттықтаймыз!

Бұлақты орта мектебінің құрметті маманы, 19 наурыз күні 50 жасқа толған лаборатория қызметкері **Наурызбаева Нұржаңыл Хамитқызын** ерекше құрметпен құттықтап, шаттық шабытымен кемел жастың кеменгерлігіне есендікпен жетуіне ізгі тілек білдіреміз. Саналы ғұмырын саралыққа арнаған әріптесімізге өмірдің бар қуанышы, бақыты мен жетістіктер шыңы биік болуын тілейміз.



50 деген ердің жасын еңсеріп, Еңбекпенен келесіз сіз тер төгіп. Армандардың аттанғанда шыңына, Қызыр өзі болсын сізге жолсерік.

Құтты болсын қуанышты той күні, Сізге шуақ шашсын Күн мен Ай нұры. Әрбір күнің мерекеге айналып, Әсем келбет нұрын төксін жайдарлы.

Құрметпен: Бұлақты орта мектебінің ұжымы.

Алпыс жастың арғымағын тартып мініп, асқаралы мерейтойдың биігіне шыққан ардақты әкеміз **Баекенов Али Батырханұлы** төл мерекесімен құттықтаймыз. Үш перзентін тұлға ретінде қалыптастыру жолында аянбай еңбек етіп, өзгенің ала жібін аттап көрмеген әкеміздің өмірі бізге өнеге, үлгі. 60 жастың асқарына шыққан тау тұлғамызды мерейлі мерекесімен құттықтап, бақыт, береке, тың жетістіктер тілейміз.

Асыл Әке, ардағы ұл-қызының, Бәрін болжап жүретін алдағының. Қамқорымыз Сіз келіп 60 жасқа, Қуантып отырсыз ғой бізді бүгін.

Жан Әке, құтты болсын 60 жасың, Біз үшін ардақты ғой алтын басың. Немереден көріңіз шөберені, Жыр алыбы Жамбылдың көріп жасын.



Ізгі тілекпен: жолдасы Орал, ұлдары Елдос, Айдос, қызы Назым.

Хабарландыру

Жетісу облысы Алакөл ауданы Үшбұлақ ауылы Нуриман көшесі №54 мекенжайы бойынша орналасқан балабақша 27.01.2022 жылдан бастап «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жетісу облысы бойынша филиалының жер кадастры және жылжымайтын мүлік бойынша Алакөл аудандық бөлімінде иесіз мүлік ретінде тіркеуде тұр.

<p>Меншік иесі: «Алакөл айнасы» ЖШС-і. Құрылтайшы: Ғалым АЗАТҰЛЫ Директор - Ғалым Азатұлы Бас редактор - Алмат ЕСЕНБЕКОВ.</p>	<p>Телефондар: Директор: 3-52-63 Бас редактор: 3-52-68 Бас редактордың орынбасары: 3-51-74 E-mail: alakred@mail.ru Сайт: alakol-aynasy.kz</p>	<p>Газет аптасына бір рет сенбі күні қазақ және орыс тілдерінде шығады Газета выходит один раз в неделю в субботу на казахском и русском языках</p>	<p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2021 жылғы 24 желтоқсанда тіркеліп, №KZ34VPY00044522 куәлігі берілген.</p>	<p>Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. ИНДЕКС: 040200. Осы шығарылымның таралымы 3260</p>
--	--	---	--	--